

Иманбетов А.Н. , Бөжиг Ж., Мускунов Қ.С., Сармантаев А.С.

Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, Бөжиг Жанболат, Мускунов Қырықбай Сәрсенбайұлы, Сармантаев Аян Сапарұлы

Ұлттық қозғалмалы ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудағы модульдік оқыту технологиясы

Аңдатпа. Ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындауда, баланың ой өрісін, танымын дамыту барысында ұлттық ойындардың маңызының зор екенін және баланың шығармашылық қиялын, қабілетін, тілін дамытуда да ойынның айрықша маңызы бар екендігін, педагог ғалымдардың ұлттық ойындардың мән-маңызы туралы пікірлері талданды. Теориялық-әдіснамалық негіздерге бағдарлану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың моделі жасалды. Бұл модель бізге осы қалыптастырудың құрамдас бөліктерін анықтауға, технологиясын жасауға, ұйымдастыру кезеңдері мен формаларын, әдіс-тәсілдерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауға, диагностикалық құралдарын таңдауға және олардың барлығын бір құрылымға жинақтап, оған сәйкес жүйелі іске асыруға мүмкіндіктері қарастырылды.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, ұлттық қозғалмалы ойындар, дене шынықтыру сабағы, белсенділік.

Imanbetov Amanbek Nurkasimovich, Zhanbolat Bozhig, Muskunov Kyrykbay Sarsenbayevich, Sarmantaev Ayan Saparovich

Modular learning technology in increasing the cognitive activity of younger schoolchildren through national outdoor games

Abstract. In the course of the research of the scientific work, the scientific and theoretical foundations of the formation of cognitive activity of Primary School students by means of national mobile games in physical education lessons were determined. Also, in determining the scientific and theoretical basis for the formation of cognitive activity of Primary School students through national mobile games in physical education lessons, the importance of National Games in the development of the child's thinking, cognition and the special importance of the game in the development of the child's creative imagination, abilities, language, the opinions of teachers about the importance of National Games were analyzed. A model for the formation of cognitive activity of Primary School students through national mobile games in physical education lessons has been developed, focusing on the theoretical and methodological foundations. This model allows us to identify the components of this formation, develop technologies, define stages and forms of organization, methods, criteria and indicators, select diagnostic tools and combine them all into a single structure and systematically implement them.

Key words: Primary School, National Outdoor Games, physical education lessons, activity.

Иманбетов Аманбек Нурқасимович, Бөжиг Жанболат, Мускунов Қырықбай Сәрсенбаевич, Сармантаев Аян Сапарович

Модульная технология обучения в повышении познавательной активности младших школьников через национальные подвижные игры

Аннотация. В ходе исследования авторами выявлены научно-теоретические основы формирования познавательной активности младших школьников через национально-подвижные игры на уроках физической культуры. Также были проанализированы мнения ученых-педагогов о значимости национальных игр в определении научно-теоретических основ формирования познавательной активности младших школьников через национально-подвижные игры на уроках физической культуры, а также о том, что национальные игры имеют большое значение в развитии познавательного и творческого воображения, способностей, языка ребенка. Разработана модель формирования познавательной активности младших школьников через национально-подвижные игры на уроках физической культуры с ориентацией на теоретико-методологические основы.

Данная модель позволила нам определить составные части этого формирования, разработать технологию, определить этапы и формы организации, методы, критерии и показатели, выбрать диагностические средства и собрать их все в единую структуру и последовательно реализовать весь учебный процесс в соответствии с ней.

Ключевые слова: начальная школа, национальные подвижные игры, урок физической культуры, активность.

Тақырыптың көкейкестілігі: Елімізді дамыған озық елдердің үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдерімен ұштастырып, жарқын болашаққа жеткізетін білім екені белгілі. Сондықтан бүгінгі күні білім берудің мақсаты – білім мазмұнын жаңарту және оқытудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, оқушылардың білім нәтижелерін жетілдіру.

Білім беру мазмұнын жаңарту – оқу-тәрбиелік мақсатқа негіздеп сапалы білім беру. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт жетістігінің факторы болып табылады [1]. Сондықтан әрбір қазақстандық жаһандық сын-тегеуріндерге, заманауи технологияларға, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына және жаңа кәсіптерге табысты бейімделу үшін қажетті құзіреттілікке ие болуы қажет.

Зерттеу барысында, біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру жүйесін жасауға негіз бола алатын теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін проблеманың кәсіби маңызды аспектілерінің жеткілікті деңгейде анықталмағандығына көз жеткіздік. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру деңгейінің жеткіліксіз екендігін айғақтайды.

Осы орайда, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыда зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Сонымен бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыруға қатысты ғылыми зерттеулер мен әдебиеттер және оны дамытудың нақты тәжірибесін талдау барысында:

– қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы

қалыптастыру қажеттілігі мен оның педагогикалық негізделуінің жеткіліксіздігі;

– бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың қажеттілігі мен оның нәтижеге бағдарлануының модульдік оқыту технологияларының толыққанды қарастырылмауы арасында *қарама-қайшылықтардың* бар екені анықталды.

Зерттеу мәселесі дене шынықтыру сабағында ұлттық-қозғалмалы ойындарды пайдалану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруында модульдік технологияларды пайдалануында.

Модельдеу әдісі – әртүрлі ғылыми проблемаларды шешу, білім беруде жаңа ақпараттар алу, зерттеу жүйелерін, құбылыстарды, үдерістерді негіздеу барысында жиі қолданылады. Егер объектіні зерттеу мүмкін емес немесе қиын болса, онда модельдеу қажет. Философияда «модельдеу» адам танымының тәсілдерінің (әдістерінің, тәсілдерінің, жолдарының) бірін сипаттайтын ең маңызды санат ретінде ерекшеленеді. Психологияда модельдеу – шындықты зерттеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі және жалпыланған әрі дерексіз объектінің құрылысы, зерттелетін құбылыстың схемасы. Бұл объект зерттеу үлгісі болып саналады.

Жұмыс мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың технологиясын әзірлеп, моделін құру.

Зерттеудің міндеттері:

– бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың ғылыми-теориялық мәнін айқындау;

– бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудағы модульдік оқытудың ерекшеліктерін анықтау.

Қазіргі жаңартылған білім беру кезеңіне көшуде біз ұлттық кодты сақтап, еліміздің мәдениетін ескеруіміз керек. Патриоттық тәрбиенің ерекшелігі білім алушыларда белсенді азаматтық ұстаным мен өзінің үлкен және кіші отанының тарихына мәдениетіне, салт-дәстүріне

деген құрмет сезімін қалыптастыру болмақ» деп атап көрсеткендей, бүгінгі таңда оқу барысында мектеп оқушыларының бойында ұлттық патриоттық идеясын және рухани-адамгершілік құндылықтары мен салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білімге көшуді талап етеді.

Міне, қазіргі таңда білім беру жүйесінде осы Жолдауға орай, Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, бастауыш білімге арналған оқу бағдарламасы, жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген басты құжаттармен жұмыс жасауды қолға алуда. Сөйтіп, қазіргі кезде білім беру жүйесіне оқытудың жаңа технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың тәжірибесі мектеп өміріне енуде, әрі білім жүйесіндегі оқыту үдерісін жаңа мазмұнға негіздеу міндеті тұр. Яғни білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі – жаңартылған білім беру мазмұнына көшу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру.

Ал осы орта білім мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талаптар:

- бастауыш білім беру сатысында пәндерді оқыту барысында жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру;
- мұғалімдердің ізденісін, іскерлігін туғызу мақсатында шығармашылықпен жұмыс істеулеріне жол ашу;
- оқу мақсаттарына қол жеткізу барысында мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан жетілдіру;
- жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру;
- мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді. Өйткені бастауыш сынып оқушыларымен

дене шынықтыру сабағын жүргізудің өзіндік әдістемелік ерекшеліктері бар екенін баса айтқымыз келеді. Бастауыш сынып оқушыларының көп қимылдағысы келетіндіктен оларды біртектес, ұзақ ойналатын ойындар тез жалықтырып жібереді. Сондықтан бұл жерде ескерілетін жәйт – ойындар әр түрлі, демалу аралықтары қысқа болғаны дұрыс. Сонда ғана олар бірте-бірте жаттығуларды есте сақтайды және қызығып орындауға ықыластана бастайды.

Дене шынықтыру сабағын жүргізудің ерекшеліктері мынадай:

Бастауыш сынып оқушыларына үйрететін жаттығулар жүгіру, секіру, жүру, өрмелеу, лақтыру сияқты қимыл-әрекеттерді жетілдіру түрінде болады.

Бастауыш сынып оқушыларының дене шамасына қарай, бір сабақта жаңа оқу материалын меңгеруде екі-үш міндетін орындатса жеткілікті болады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай табан бұлшық еттерін нығайту және денесін түзу қалыптастыруға арналған жаттығуларды таңдағанда ерекше көңіл беру керек.

Сабақ барысында қозғалмалы ойындар ойнату міндетті. Үшінші, төртінші сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын өткізгенде ойын жаттығуларына 50% уақыт бөлу керек.

Бастауыш сынып оқушыларына негізгі жаттығулардың техникасын үйреткенде, жаттығудың дұрыс, қатесіз орындалуын қадағалаған абзал. Жаттығуды үйретумен бірге оқушының дене бітімін дамыту да назарда болу керек.

Тұлғаның әлеуметтік өмірге бейімделуі және оның жан дүниесінің дамуын қалыптастыратын, шынықтыратын іс-әрекеттің бірі – ойын әрекеті. Ойын әрекеті жалпы тіршілік етудің, өмір сүрудің негізгі формасы болып саналады, әрі ұрпаққа берілетін өмір тәжірибесінің нәтижесі деп айтуға болады. Сондықтан ойын әрекетін баланың кішкентай бүлдіршін кезінен бастап, баланың өсіп-жетілуіндегі басты факторға айналдыру керек.

Қазіргі кезде білім беруде ойын әрекетін мектеп оқушыларының білімі мен білік дағдыларын қалыптастыруда оқыту мақсатының негізгі бағыты екені бәрімізге мәлім.

Ыждаһаттылығы, орнықтылығы қалыптаса қоймаған бастауыш сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын, оқу іс-әрекетін және бөлсенділіктерін арттыру үшін сабақта ойын элементтерін тиімді, ұтымды пайдалану керек. Ал әрбір пән мұғалімі сабақ барысында ойын түрлерін сабақтың мақсатына, оқушының жас

ерекшелігіне, мазмұнына сай таңдауды үнемі назарда ұстауы қажет. Оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың өздігінен дамып жетілуге қабілетті тұлға қалыптастыру барысында таптырмас технология.

Ойын барысында оқушылардың танымдық белсенділіктері мен тапқырлық, шапшаңдық қасиеттері байқалады, әрі оқушы өзін еркін сезінеді. Сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүйенеді. Ойын үстінде бала қуанып та, ренжіп те әртүрлі эмоциялық күйге түседі. Ал ұлттық ойын түрлерін қазіргі уақытта әр сабақта қолданып, ұлттық тіл өрнектерін пайдалана білсе, қазіргі жеткіншек біле бермейтін ұғым-түсінігін өмірге жанастыра көңіл аударта сол арқылы танымдық мақсат қойылады. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім-тәрбие беруге назар аударылады.

Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру сабағында тек бағдарламадағы ойын түрлері мен жаттығуларды ғана емес, ұлттық ойын түрлерін, әсіресе, ұлттық-қозғалмалы ойын түрлерін оқу жоспарына енгізу керек деген ойдамыз. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында [2], жеке тұлғаның дене бітімін қалыптастыру саналы түрде жас кезінен басталатыны, салауатты-тәрбиелік бағытының әдістемелік бағдарламаларын жетілдіру, дене тәрбиесі және спортты қазақ ұлттық қозғалмалы ойындары арқылы дамыту жолдары дене жаттығуларының өз бетінше жүргізілетін сабақтары арқылы жүзеге асатыны және оның алғы шарттары мен оларға жасалатын жағдайды жетілдіру жолдары қарастырылған.

Қазақ ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалмалы білік-дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларында қазақтың ұлттық спортына деген көзқарас қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйесі ретінде олардың танымдық белсенділігін, руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады.

Сондықтан ұлттық халық ойындарын бүгінгі оқушылар өміріне енгізу қазіргі заманда туындап отырған қажеттілік. Баланың танымы, түсінігі ойыннан бастау алады. Баланың

дене бітімін ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы жетілдірсе, ой-сананың дамуына іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ықпал етеді. Сондықтан дене шынықтыру сабағында оқушының қимыл қозғалыс дағдыларын жетілдіру мақсатында ұлттық ойындарды ойнату барысында әрбір баланың жеке тұлға екенін, оның қабілетінің де әртүрлі екенін үнемі есте сақтау керек [3].

Бастауыш сынып – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы. Бастауыш сынып оқушыларының ой-қиялын біліммен сусындататын, дүниетанымын кеңейтетін – мұғалім шеберлігі. Осыған орай қазір мұғалімдердің міндеті – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, жаңа технологияларды игеру, оны ұтымды қолдану. Жалпы алғанда, жаңартылған білім жүйесі – құзіреттілікке және білім сапасына бағытталған бағдарлама. Мұғалім қолайлы білім беру ортасын құрып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ-ны (ақпараттық коммуникативтік технология) қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану керек. Яғни озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жаңартылған білім беру бағдарламасы жетелейді.

Әдістеме оқу үрдісінде қойылған мақсатқа жету жолы. Педагогика ғылымында әдістеменің екі түрі бар: оқыту және тәрбиелеу әдістемесі. Жалпы оқыту технологиясы мен әдістеменің мақсаты бір, бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме «Нені, не үшін, қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, ал оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін, тиімді жолдарын қарастырады.

Қазіргі кезде дене шынықтыру сабағының сапасын төмендететін факторлардың бірі – әдістемелік деңгейінің төмендігін басып айтып жүрген ғалымдар да бар [4].

Бүгінгі таңда дене жаттығуларының ұлттық түрі енгізілген сабақтардың ұйымдастырылуы мен әдістемесіне қоятын талап күшті. Дегенмен, күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының ұлттық ойындары мен дене жаттығулары бар сабақтарын ұйымдастыру нұсқауларының әдістемелік жағы жеткіліксіз.

Дене тәрбиесі мәселелерін қарастырып жүрген көптеген авторлар дене жаттығуларының ұлттық түрі бойынша жүргізілетін сабақтар мынадай міндеттерді шешуге:

- қимыл белсенділігін арттыруға;
- бұлшық еттерін нығайтуға;
- жүріс-тұрысын дұрыс қалыптастыруға;
- қимыл-әрекет қабілеттерін, жүгірудегі, қарғу мен лақтырудағы білік-дағдыларын игеруді кешенді дамытуға ықпал етіп, септігін тигізетінін айтады.

Біз ғылыми жұмысымызды осындай мәселелердің орнын толтыру мақсатында бастауыш сыныпта дене шынықтыру пәні бойынша «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс ұйымдастыруды жөн деп таптық.

Аталмыш элективті курсты жүзеге асыру барысында біз жоғарыдағы әдістемелерді талдау нәтижесінде, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін модульдік технология арқылы және ойын әдістемесі (әдіс-тәсілдер жиынтығы) негізінде қалыптастырдық.

Біздің зерттеу жұмысымыздың барысында аталған элективті курсты құрастырудың басты мақсаты – қазіргі дене шынықтыру сабақтарында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану, баланы жастан ұлттық салт-дәстүрімізге сусындатып тәрбиелеу, сонымен қатар қазақтың ұлттық ойындарының дамымаған түрлерін, яғни ұмыт болып бара жатқан түрлерін тауып, дене тәрбиесі сабағында оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда көптеп қолдану.

Өйткені ұлттық ойындар адамның өмірінің, өмірге көзқарасының дамуына, санасезімнің өсуіне мол мүмкіндіктер туғызуымен қатар адамның дене дамуына және рухын көтеруіне көмектеседі. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесінің маңызды мәселелері – терең білімдікке негізделген тұрақты дене дағдыларының қалыптасуын саналы түрде игеру, үнемі өзінің денесін шынықтыру, еңбекке қабілеттілігін жетілдіру, күнделікті өзінің күн тәртібін ұйымдастыру дағдыларын және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Кез келген педагогикалық технология оқушылардың белсенділігін арттыру құралдарына ие, кейбір технологияларда бұл құралдар басты идеяны және нәтиженің тиімділігінің негізін құрайды. Олардың қатарына керекті білік пен дағдыларды қалыптастырушы белсенді оқыту технологиялары кіреді. Оқушы белсенділігін арттыратын педагогикалық технологиялардың бірі – модульдік оқыту технологиясы (МОТ). Аталмыш элективті курстың

мазмұнын ашу үшін модульдік оқыту технологиясын қолдандық.

Жалпы педагогикалық технология туралы ұғымды ғылыми әдебиеттерде ғалымдар әртүрлі түсіндіріп, әртүрлі анықтама береді. Оны мына төменде ғалымдардың берілген анықтамаларынан көруге болады:

Сонымен қатар Ш.Т. Таубаева мен Б.Т. Барсай: «Педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі», – деп тұжырымдайды [5].

Қазақстандық зерттеушілер педагогикалық үдеріске инновациялық технологияларды енгізу мәселесімен айналыса отырып, оларды қолдану оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыратынын көрсетеді. Мәселен, Е. Жуматаеваның пікірінше, инновациялық технология – педагогтың білімі, білігі, интеллектуалдық, кәсіби әдіс-тәсілдер жүйесін қолданудағы шығармашылық қабілет жиынтығы, мұндағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады [6].

Г.Е. Санай инновациялық білім беру технологиясын оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін басқару үдерісі ретінде анықтайды [7].

В.Х. Адилова инновациялық технологияны оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында оқытудың жаңа құралдарын танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға енгізу үдерісі ретінде анықтайды [8].

Қазіргі таңда оқыту технологияларының түрлері көп және олардың қолдану мақсат-міндеттері мен өзіне тән ерекшеліктері бар. Біз ғылыми зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың әдістемесін модульдік оқыту технологиясына сәйкес жүзеге асырдық.

Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген, оның мақсаты – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету. Бұл технологияның ерекшелігі – тұлғаның танымдық үдерісін дамытуға бағытталған.

С.И. Ожегов: «Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын біршама дербес бөлігі», – деді [9].

Сонымен қатар модульдің көптеген анықтамалары бар:

– модуль – біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беріп, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлесі;

– модуль – пәнаралық әдістемелік ұйымдастыру құрылымы болып, әр түрлі оқу пәндерінің тақырыптық жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үдерісіне пәнаралық қатынасты қамтамасыз етеді;

– модуль – бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру әдістемелік құрылымының бірлігі. Оқытушы модуль – бұл оқу пәнінің танымдық және кәсіби аспектілерден тұратын мазмұндық бөлігінің жүйелі түрде аяқталған формасы, ол оқушының берілген модульді толық меңгеруі нәтижесінде қалыптасатын білім, білік, дағдыларын бақылап, тексерудің тиісті формасымен аяқталуы тиіс.

Модульдік оқытудың мақсаты – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің жекелеген тәсілдері арқылы жұмыс істей білуге үйрену.

Модульдің құрылысы бес бөліктен тұрады: I бөлігі – тақырыппен таныстыру, негізгі түсініктердің анықтамаларын беру және алған білімдерін бекіту. II бөлігі – теория бойынша сынақ өткізу. III бөлігі – сынақ-практикум өткізу (сынақ, бақылау). IV бөлігі – тереңдетіп білім беру және оқушылардың қабілеттерін дамыту. V бөлігі – бақылау жұмысы (деңгей бойынша). Оқу модулі үш құрамды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу және қорытынды бөлім.

Қазақстандық ғалым-педагогтарды модульдік оқыту идеялары М. Жанпейісованың (модульдік интерактивті оқыту), Ж.Ж. Қараевтың (түрлі деңгейлі дифференция технологиясы) еңбектеріне негізделген, Н.А. Аделбаеваның, Т.Т. Галиев, А.А. Жүнісбек, И.М. Ломоносов және басқа да көптеген отандық ғалымдардың ғылыми мақалаларында көрсетілген.

Біздің ойымызша, бұл модульдік оқытудың басты өнімі – оқытудың модульдік технологиясын табысты қолданудың негізі ретінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру деп санаймыз.

Л.Г. Вяткиннің анықтамасы бойынша «Танымдық дербестік психиканың қасиеті ретінде адамның білімге деген ішкі қажеттілігімен, оларды әртүрлі көздерден алу және практикада шығармашылық пайдалана білуімен сипатталады». Танымдық дербестік өз бетінше ойлауға ұмтылу мен іскерлікте, бөгде адамның көмегініңсіз ақпаратты түрлі көздерден алуға қабілеттілігінде көрінеді. Танымдық дербестік жалпы және ар-

найы білімді, іскерліктер мен дағдыларды, сондай-ақ білім алу тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік беретін тұлғаның интеллектуалдық және ерік сипаттамаларының бірлігін көздейді [10].

Модульдік оқыту технологиясы – оқушының тұлғалық дамуына бағытталған оқыту технологияларының бірі. МОТ – күнтізбелік жоспарды жасау мен оқушылардың өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеу барысында өте тиімді, өйткені сабақтың сапалы өтуі күнтізбелік жоспарды сауатты құруға байланысты. МОТ, сондай-ақ, білімді ізгілендіруге, оқыту сапасын арттыруға ықпалы зор және тиімді жағы бірзділігі мен жүйелігінде деп айтамыз.

Модуль арқылы оқыту оқушының оқу және танымдық әрекеттерінің белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін тиімді жолы.

МОТ-тың тиімділігі:

– тақырыптың қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі;

– оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру үшін әрбір сабақта диалогтық қарым-қатынас негізінде іс-әрекетін бағалау;

– оқу материалдары блоктарға бөлінген барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу;

– тақырыптың қарапайым білім мен түсінік деңгейінде игерілуі. Олар мынадай түрде беріледі: білу, түсіну, қолдану, талдау, топтау, бағалау.

МОТ-тың ерекшелігі: жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін, сондай-ақ өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, шығармашылық қажеттіліктерін, сөздік қорын дамытуға бағытталған.

МОТ-ты сабақ барысында жүйелі түрде қолданса, төмендегідей жетістіктерге жетуге болады:

1. Білім алушылар өзара еркін сөйлеседі.
2. Өз ойларын ауызша, жазбаша еркін баяндай алады.
3. Оқушылардың белсенділігі артады.
4. Оқушылардың оқу мотивациясы артады.
5. Оқушылар аз шаршайды.
6. Сабақ барысында көбінесе жағымды эмоциялар болады, қанағаттанады.

МОТ мұғалімнің жалпы білім сапасын арттыру, сабақтың тиімділігін жоғарылату, оқушылардың мақсаттарына жету жолындағы жетістіктерін есепке алу жүйесін жасау сынды мәселелерін шешуге көмектеседі және МОТ оқыту барысында алға қойған мақсатқа оқушылармен бірлесе отырып проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Модульдік оқытудың өзегі болып табылатын оқу модулі – бұл оқу материалдарын бөлшекке, блоктарға бөлу. М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, ойлауды, ын-таны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі белсендендіру, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған. Ғалым модульді кіріспе, сөйлесу, қорытынды бөлім деп бөлікке бөледі. «Мұғалім оқушыларға оқу модулінің жалпы құрылымын, оның мақсаты мен міндеттерін кіріспе бөлімде таныстырады. Сосын осы оқу модулінің барлық оқу материалын қысқаша 10-20 минут сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Оқушылар бұл кезеңде бағдарламаның аталған тарауын неге және не үшін оқып үйренулері керектігін, өздері нақты нені меңгеріп, үйренулері тиіс, алдағы жұмыстың негізгі оқу міндеті қандай екенін түсінуі қажет.

Сөйлесу бөлімінде оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейі, қарапайым білік пен дағдыларын және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы жүзеге асырылады.

Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Бұл бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде

алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс», – деп ғалым әрбір бөлімнің мазмұнымен таныстырады [11].

М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» маңызы ерекше екені мәлім. Себебі бұл технология әдістері оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін де өзгені де бағалай білуге үйретеді. Бұл технологияның тиімді белгілерінің бірі – оқушының оқу белсенділігі.

Оқушылардың белсенділігін оның ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін, жады мен зейінін дамытып қалыптастырады.

Сондай-ақ, педагогтар Ф.Б. Бөрікбаева мен Н.Ж. Жанатбекова: «Модульдік оқыту технологиясы:

- тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытуға;
- танымдық процестерін дамытуға;
- оқуға қызығушылық қалыптастыруға;
- белсенді сөздік қорын, ауызша және жаз-баша тілін дамытуға;

– тұлғаны қиындықтарға даяр болу және білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді», – деп тұжырымдайды [12].

Жоғарыда айтылған тұжырымдардың негізінде модульдік оқыту технологиясының ықпалын төмендегі 1-суретте ұсынамыз.



1-сурет – Модульдік оқыту технологиясының ықпалы

Сонымен біз әзірлеген элективті курс – бұл нақты оқу пәнінің барлық модульдерінің жиынтығында біріктіруші дидактикалық мақсатқа қол жеткізетін құралдар, әдістер жүйесі. Модульдік бағдарламаны қалыптастыру алгоритмін ұсынамыз:

Бірінші қадам – оқу курсының жүйе ретінде ұсыну, яғни мазмұнын бастапқы құрылымдау:

- бастапқыда мұғалім барлық оқу курсының негізгі сәттерін бөледі;
- әрбір негізгі блок бойынша мазмұнды іріктеу.

Екінші қадам – модульдік бағдарламаның (МБ) атауын және оның кешенді дидактикалық мақсатын қалыптастыру.

Үшінші қадам – кешенді дидактикалық мақсаттарды интеграциялайтын дидактикалық мақсаттарды бөлу, оларға сәйкес модульдердің атаулары мен осы модульдердің мазмұнын қалыптастыру.

Төртінші қадам – дидактикалық мақсаттарды жеке дидактикалық мақсаттарға интеграциялайтын градациялау, модульді құрайтын оқу элементтерін (ОЭ) қалыптастыру.

Бесінші қадам – модульдің (сабақтың) оқу элементтерін меңгеру бойынша оқушылардың (топтардың, кіші топтардың, жеке оқушылардың) танымдық іс-әрекеттері және оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша мұғалімнің өзіндік іс-әрекеттері бағдарламасын әзірлеу.

Алтыншы қадам – модуль (сабақ) оқу элементтерінің мазмұнын меңгеру бойынша оқушылардың танымдық қызметін бақылау және бағалау жүйесін әзірлеу.

Жетінші қадам – модульдің оқу элементтерінің мазмұнын меңгеру барысында оқушылар жұмыс істей алатын қажетті оқыту құралдарын таңдау.

Біз, зерттеу проблемасына сәйкес, дене шынықтыру пәні бойынша оқу модулін дайындау технологиясын да қарастырдық.

I кезең – модульді дайындау немесе модульдік оқытудың *кіріспе бөлімі*:

– дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес барлық оқу материалы модульдер мен оқу элементтері бірліктерге бөлінеді (тақырыптарды модульдер мен оқу элементтері бойынша бөлу);

– әрбір модульдің және оқу элементінің мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын оқытудың нақты нәтижелерінің тізімі құрастырылады;

– модульдер бойынша сабақ өткізудің оңтайлы түрі таңдалады. Бұл кезеңде оқушылардың

дене шынықтыру сабағында танымдық белсенділіктерін, қызығушылықтарын қалыптастыру бойынша модуль тақырыбын тұтас баяндаудың формасын ойластыру керек.

II кезең – мұғалімнің диалогтық бөлім дайындау құрылымы немесе *танымдық кезеңі*:

– оқу материалының негізгі мазмұнын диалог бөлімінде пысықтау үшін бөлу;

– оқушылардың диалогтық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін және алдымен оқу материалын түсіну, бекіту, содан кейін алған білімдерді талдау және синтездеу дағдыларын қалыптастыруға көшуге мүмкіндік беретін оқытудың белсенді түрлерін таңдау.

Біз оқытудың мынадай белсенді формаларын қолдандық: топ-тық, жұптық, ұжымдық, оқу ойыны.

– күрделілік дәрежесі әртүрлі үш деңгейлі тапсырмаларды дайындау (Б. Блум таксономиясы бойынша); Бұл деңгейлік тапсырмаларды біз жұмысымызда төмендегідей деңгейлерге бөліп жасадық:

III деңгей – білім стандартының талаптарына сай қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі тапсырмалар

II деңгей – стандарт талаптарына сай алған білімін қолдану және талдау деңгейіндегі тапсырмалар

I деңгей – шығармашылық және ізденушілік сипаттағы тапсырмалар.

– әр оқушы немесе сынып үшін тарату материалдарын басып шығару (көбейту).

Сонымен қатар диалогтық бөлімде оқу материалын пысықтау үшін үш деңгейлі тапсырмаларды дайындау кезінде Б. Блум таксономиясын пайдалану өте тиімді.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастырушы кезеңінде қолданған элективті курстың модульдік оқыту бойынша оқу-тақырыптық жоспарындағы модульдің сабақ жоспарын Б. Блум таксономиясына сүйеніп жасадық. Ол үшін төмендегі кестедегі категорияларды негізге алдық (1-кесте).

1-кесте – Танымдық қызмет мақсатының категориялары

Деңгейлер	Анықтама	Оқушының іс-әрекеті
<i>Білім</i>	Берілген жаңа түсінікті ұғу, есте сақтау, бұрынғы білімді еске түсіру	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, ойлайды
<i>Түсіну</i>	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасау	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады
<i>Қолдану</i>	Жаңа білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді таба білу, бүтінді бөліктерге жіктеу, арасындағы байланысты айқындау	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, талдайды, ашады, іздейді

Талдау	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінін бөліп көрсету	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа проблеманы шешеді
Топтау	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады
Бағалау (сын, пайымдау)	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау	Бағалайды, талқылайды өз талабын айтады

III кезең – қорытынды бөлім (бақылау) немесе *рефлексия бағалау кезеңі*:

– оқушылардың білімін бағалау үшін әрбір модуль немесе оқу элементі бойынша бақылаудың 2-3 түрін дайындау. Біздің жағдайымызда тест тапсырмалары, интеллектуалды сайыстар болды.

Осы элективті курсты жасау кезінде модульдік оқытудың мынадай қағидаттары ес-керілді:

1) пәннің құрылымын құруда және оның мазмұнын анықтауда жүйелі көзқарас;

2) білімді оқшауланған элементтерге құрылымдау және мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығының айқын көрінісі;

3) әрбір модуль ішінде және олардың арасында оқу сабақтарының барлық түрлерін әдістемелік дұрыс келісуді қамтамасыз ету;

4) модульдік курсты құру құрылымының икемділігі;

5) білім алушылардың білімін тиімді бақылау;

6) оқушылардың шығармашылық қызметі үшін алғышарттар жасалатын дамыта оқытудың әдістемелік принциптерін іске асыру мүмкіндігі.

Сонымен қатар, біз, осы мазмұнды бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологиясы арқылы олардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыруды мақсат еттік. Өйткені ойын түрін сабақта пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталады. Ойын технологиялары дегеніміз – баланың қалыпты дамуына әсер етіп, оның шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін арттыратын педагогикалық үрдісті ұйымдастыру формаларының бірі.

Қорытынды. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойын-

дар арқылы қалыптастыру әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан тексеру бойынша, біз зерттеу жұмысымызда бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру тиімділігін негіздеу болды. Ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды. Бүгінгі өркениетті елімізде жасөспірімдерге үлгілі, өнегелі тәрбие беру – маңызды міндеттердің бірі екендігін анықтап, сондай-ақ, бүгінгі таңда заманымызға сай дені сау, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті және балаға тәрбие бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, бойына адами, рухани құндылықтарды сіңіретін негізгі құрал – ұлттық ойындар екендігін айқындадық. Осының негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мүмкіндіктері туындады. Сабақ жүргізу барысында модульдік оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқушының оқуға деген белсенділігін арттыру үшін оқу үрдісінде мұғалімнің қолданатын әдіс-тәсілдерінде белсенділікті арттырудың жолдары анықталды. Біз зерттеу жұмысымызда модульдік оқыту бойынша талдаған еңбектерге сүйене отырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін тиімді дамытып, оқушылардың белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы құрылымдық жүйе ретінде қарастырып модульдік оқытудың технологиялары ерекшеліктерін негіздедік.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. 05.01.2020.

- 2 Закон Республики Казахстан «О физической культуре и спорте», принят 13 декабря 2019 года №228-VI // <https://online.zakon.kz>. 15.03.2020.
- 3 Сармантаев А., Ишанов П. Бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін арттырудағы ұлттық қозғалмалы ойындардың орны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №7(70). – Б. 117-121.
- 4 Ботағариев Т.А., Кубиева С.С Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: оқу құралы. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2010. – 232 б.
- 5 Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы, 2005. – 137 б.
- 6 Жуматаева Е. Білімденудің инновациялық технологияларын интеллектуалды ұлт құрау үдерісінде тиімді қолданудың мүмкіндігі: монография. – Павлодар, 2013. – 154 б.
- 7 Санай Г.Е. Педагогические условия формирования готовности учителя к реализации инновационных технологий: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Шымкент, 2005. – 25 с.
- 8 Адилова В.Х. Использование инновационных технологий обучения в развитии интеллектуальной культуры учащихся (на примере начальной школы): автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Астана, 2006. – 32 с.
- 9 Ожегов С.И. Словарь русского языка / под ред. Н.Ю. Шведовой. – М.: Русс. яз., 1989. – 924 с.
- 10 Вяткин Л.Г., Ольнева А.Б. Развитие познавательной самостоятельности и творческой активности педагога: учеб. пос. – Саратов: Науч. кн, 2003. – 194 с.
- 11 Жанпейсова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. – 180 б.
- 12 Бөрікбаева Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.

References

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. 05.01.2020.
- 2 Zakon Respubliki Kazahstan. O fizicheskoy kul'ture i sporte: prinyat 13 dekabrya 2019 goda №228-VI // <https://online.zakon.kz>. 15.03.2020.
- 3 Sarmantaev A., Ishanov P. Bastauysh synyp oqushylarynyñ belsendiligin arttyrudaғы ұлттық қозғалмалы ойындардың орны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №7(70). – Б. 117-121.
- 4 Botagariev T.A., Kubieva S.S Dene shynuktyru teoriyasy men әdistemesiniñ zhalpy negizderi: oқu құr. – Oral: Batys Қазақстан мемлекеттік universiteti, 2010. – 232 b.
- 5 Taubaeva SH.T., Barsaj B.T Oqytudyn қazirgi tekhnologiyalary. – Almaty, 2005. – 137 b.
- 6 ZHumataeva E. Bilimdenudіñ innovaciyaluқ tekhnologiyalaryn intellektualdy ұlt құrau yerisinde tiimdi қoldanudyn мүmkindigi: monografiya. – Pavlodar, 2013. – 154 b.
- 7 Sanaj G.E. Pedagogicheskie usloviya formirovaniya gotovnosti uchitelya k realizacii innovacionnyh tekhnologij: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – SHymkent, 2005. – 25 s.
- 8 Adilova V.H. Ispol'zovanie innovacionnyh tekhnologij obucheniya v razvitii intellektual'noj kul'tury uhashchihsya (na primere nachal'noj shkoly): avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – Astana, 2006. – 32 s.
- 9 Ozhegov S.I. Slovar' russkogo yazyka / pod red. N.YU. SHvedovoj. – M.: Russ. yaz., 1989. – 924 s.
- 10 Vyatkin L.G., Ol'neva A.B. Razvitie poznavatel'noj samostoyatel'nosti i tvorcheskij aktivnosti pedagoga: ucheb. pos. – Saratov: Nauch. kn, 2003. – 194 b.
- 11 ZHanpejisova M. Modul'dik oqytu tekhnologiyasy oқushyny damytu құraly retinde. – Almaty, 2002. – 180 b.
- 12 Bөrikbaeva F.B., ZHanatbekova N.ZH. Қazirgi zamanғы pedagogikalуқ tekhnologiyalar: oқulyқ. – Almaty: 2014. – 360 b.

Автор для корреспонденции (первый автор)	Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
<p>Иманбетов Аманбек Нуркасимович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Карагандинского университета имени Е.А. Букедова, г. Караганды, Казахстан</p> <p>e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID- 0000-0003-0306-5734</p>	<p>Иманбетов Аманбек Нұрқасымұлы, – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан</p> <p>e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID- 0000-0003-0306-5734</p>	<p>Imanbetov Amanbek Nurkasimovich – Master of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan</p> <p>e-mail: aman_imanbetov@mail.ru ORCID ID-0000-0003-0306-5734</p>